**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы (балабақша):** «Абай атындағы орта мектебі»КММ «Айналайын» шағын орталығы
**Топ: «Айбөбек»** ересек тобы
**Балалардың жасы:** /4 жастан бастап/

**<u>Сәуір айы 2024 жыл 1 апта</u>**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 01.04.2024 | Сейсенбі 02.04.2024 | Сәрсенбі 03.04.2024 | Бейсенбі 04.04.2024 | Жұма 05.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту | Үш түрлі смайликмен қарсы алу | Балалық шақ күйімен қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Ертегілер кейіпкерлерімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау. **Коммуникативтік дағдылар** | «Төлдерін тап» Мақсаты;Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады. Үй жануарларының төлдерін атау **Коммуникативтік дағдылар** | Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты; жүру, жүгіру қимылдарынн орындайды Белгі бойынша қозғалыстар жасайды. **Дене шынықтыру** | «Көліктер» Мақсаты: балаларға көліктердің суретін, көліктерді ажырата алады. **Әлеуметтік дағдылар** | Сюжеттік-ролдік ойын «Шаштараз» **Коммуникативтік дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата | Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, | Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма | Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге және атауға үйрету. | ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. | сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету | мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу | беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Музыка**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Музыка**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша<br>**Қазақ тілі**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардан қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қай ай, апта?<br>Күндіз ба, әлде түн ба?<br>Түнде не болады?<br>Аспанда біз не көреміз?<br>Аспан әлемін көргілерің келе ме?де сұрап.Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету.<br>Алдымен танитындарын атату.<br>Жұлдыздарды көрсету.<br>Оларды таныстыру.<br>Шолпан жұлдыз Құйрықты жұлдыз туралы айтып беру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | Кеше немен танысқандарын естеріне түсіру.<br>Аспанға немен баруға болады?<br>Аспанда болды ма сұрау?<br>Ұшақ және ғарыш кемесін көрсету. Не білетіндерін сұрау. Ұшақты табиғи қалдық материалдардан жасауға болатынын және ғарыш кемесін геометриялық пішіндерден құрстыруға болатынын айтып түсіндіру.<br>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға | Балаларды аспан әлемінің макетінің қасына жинау.<br>Балалар қараңдаршы. Осы жұлдыздардың қасындағы үлкен мына зат не? Ай қандай? Айды көрдіңдер ме?<br>Терезеден қарайықшы, ай бар ма? Ай үлкен бе? Жұлдыз үлкен бе? Олардың салмағы қандай болады деп ойлайсыңдар?<br>Қорапшаны көрсетіп ай мен әр түрлі жұлдыздарды планеталарды салыстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын | Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару.<br>Заттардың арасынан ай жұлдыздың бейнелерін көрсету.<br>Ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерін қолданумен байыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Ай мен жұлдызды қазақтың ұлттық әшекей заттарына салу арқылы сәндеуді менгерту<br>**(сурет салу)** | Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу.<br>Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруі керек<br>**(көркем әдебиет)**<br>**Сергіту сәті**<br>Балаларды екі орталыққа бөлу.<br>Бір орталықта өдері таңдаған заттың суретін салса<br>**(сурет салу)**<br><br>Екінші орталықта геометриялық денелерді(куб, шар, цилиндр) танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу.<br>«Кім тапқыр» ойнынын ойнату. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұлдыздар сендерге ұнады ма?<br>Қане жұлдыздың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе?сұрау.<br>Ендеше орталықтарға бөлінейік деп ұсыну.<br>Бір орталықта балалар суретін (қара қағазға ақ немесе сары қаламмен) жұлдыз салады, екінші орталықта қағаздан бүктеп жұлдыз жасайды.<br>**(құрастыру, сурет салу)** | бөлу.<br>Бірінші орталықта баклашкадан немесе картон қазағдардан ұшақ құрастырткызу. **(құрастыру)**<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдары нан ғарыш кемесін ұжымдасып құраткызу.<br>Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан | жетілдіру<br>**(математика негіздері)**<br>Алдынғы жасаған жұмыстарын көрсетіп, жұлдыздардың қасына не жетпейтін сұрап, айдың суретін салғызу және жапсырту.<br>**(жапсыру және сурет салу)** | | Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату.<br>**(математика негіздері)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ғарыш кемесін құрастырғызу **(математика негіздері және сөйлеуді дамыту)** Ұшқыш әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату. **(музыка)** Балалар жұмыстарын орындап болған соң, қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. **(Сурет салу)** | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Күнді бақылау<br>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады. (күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. | Қардың еруін бақылау<br>Мақсаты:табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Көктем келді»<br>Б.Қозыкеев<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды. | Ұшып келген құстарды бақылау<br>Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту.<br>Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Ұя»<br>Қ.Баянбаев<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>• Балалар сендер қандай құстарды | Мойыл бұтасын бақылау<br>Мақсаты:<br>Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту;<br>Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші әңгімесі:<br>Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік.<br>Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. | Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау<br>Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Көркемсөз «Көктем»<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>Түрлі_- түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл - жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>• Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>• Күн қай жақтан шығады?<br>• Қай жаққа батады?<br>• Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>• Неге?<br>Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне | Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>Зерттеу қызметі Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру.<br>Еңбек Тәрбиешімен | білесіңдер?<br>• Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>• Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>• Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>• Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл.<br>Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>Мақсаты: бірлесе | Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де | Балаларға сұрақтар:<br>• Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br>• Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар?<br>• Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар?<br>Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?<br>Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау.<br>Мақсаты: |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>Еңбек<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>Қимылды ойын «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа | бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.<br>Қимылды ойын «Ормандағы аюда».<br>Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.<br>Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>— Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін | жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: «Ұшты ұшты».<br>Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.<br>Жеке жұмыс<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>Қаз маңғаз.<br>Мақсаты: сөздік қорларын байыту.<br>Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба.<br>Құсқа тас ат<br>Құс жұмыртқасын сындырма. | сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?<br>♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?<br>♦ Мойыл жидектерінен не жасайды?<br>♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?<br>♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?<br>Еңбек<br>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.<br>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу. | еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу.<br>Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?».<br>Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>Мақал-мәтел:<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын. | тиянақтау;<br>—Ептіліктерін қалыптастыру;<br>—Қозғалыс координацияс ын жақсарту.<br>Халық болжамы:<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді.<br>Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.<br>Мақал:<br>Қыстың қамын жаз ойла. | | Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?».<br>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.<br>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Бір тал кессең, он тал ек.<br>- Бір ағаштан жасалады мың шырпы,<br>Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы. | Мақал мәтел:<br>Бабасы еккенді, баласы орады.<br>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.<br>Дана көптен, дәрі шөптен |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын | | | | |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды кітап орталығына жинап, жұлдыздардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. **(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды және жұлдызды аспанды жасауды ұсыну. Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. Бір орталықта ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы ішінен жұлдыздарды табу. Олардың | Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан ұшақ жасату және ермексаздан ғарыш кемесін жасауды ұсыну **(мүсіндеу және жапсыру)** | Балаларды кітап орталығына жинап тіл ұстарту жаттығуын айтқызу ай-ай-ай Көңілің болсын жай! Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Ермексаздан айдың бірнеше пішінін жасату. **мүсіндеу)** Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша ай мен жұлдыз пішінін құрастыруға ынталандыру. **(құрастыру)** | Балаларды кітап орталығына шақырып отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу **(қоршаған ортамен танысу)** Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. **(мүсіндеу) (жапсыру)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. **(мүсіндеу) (жапсыру) (құрастыру)** Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. **(музыка)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрыштарын санау. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру **(математика негіздері)** Екінші орталықта балаларға дайын жұлдыздарды үйлестіріп парақшаға жапсыруды жасату.. **(жапсыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жәндіктер жайлы сұрау | Араның сырт келбеті жайлы сұрау | Жұмбақ айтуға үйрету | Мақал-мәтел жаттату | Тақпақ айтуға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Трамвай» Ермексазбен дербес шығармашылық | **Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан» | Қимылды ойын «Трамвай» Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. | Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру **(көркем әдебиет)** | **Қимылды ойын** «Хан талапай» |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекет ұйымдастыру. Арнайы пішіндерге салып, жұлдыз жасату. **(мүсіндеу)** | | **(музыка)** | Еркін ойындар | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Дидактикалық ойын: «көзіңді жұмып ,қолыңмен тап» | Мамандықтар ойыны балалар қай мамандыққа тиесілі құрал жабдық екенін ажырата алады. | Артығын тап». Балалар артық затты сурет арқылы таба алады,ажырата алады | Үстел үсті театры: «Алдар көсе» ертегісі қайталау | Үстел үсті ойыны-пазл «Ою өрнек құрастыр». Мақсаты:Ою өрнектерді құрастыра алады.Ойлай отырып,өз жұмысын орындайды |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың ерекешеліктерін | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айту | отыруды түсіндіру. | әңгімелесу. | | |

Ескертулер:
Ұсыныстар:
Тексерілген күні: 29.03.2024
Тексерілді ш.о.әдіскері:____________Қызырова.А.Т
Тәрбиешілер:Куанышова.А
Сабыржанова.Д

Scanned with CamScanner

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы (балабақша):** «Абай атындағы орта мектебі»КММ «Айналайын» шағын орталығы
**Топ: «Айбөбек»** ересек тобы
**Балалардың жасы:** /4 жастан бастап/

**Сәуір айы 2024 жыл 2 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 08.04.2024 | Сейсенбі 09.04.2024 | Сәрсенбі 10.04.2024 | Бейсенбі 11.04.2024 | Жұма 12.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және** | Үстел үсті ойыны: «Тілдік санамақтар» Балалардың | Құрылыс ойындары «Фигураларды құрастыр» Төрт | «Біз шынығамыз» Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. | Саусақ ойыны «Жаттығамыз» Қуыр,қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Қуыр,қуыр,қуырмаш | «Тазалық – денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | ойлау қабілетін дамыту.<br>**Қазақ тілі** | таяқшадан шаршы құрастыр<br>**Құрастыру** | Бірге балық аулаймыз<br>Міне, біздер қандаймыз !<br>**Көркем әдебиет** | Әжең келсе есік аш.<br>**Көркем әдебиет** | Ұқыпты деп бұл қандай<br>Жақсы көрер бар адам.<br>**Сөйлеуді дамыту** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға | Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру | Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау- | Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру | | қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) дамыту | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Музыка**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Музыка**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша<br>**Қазақ тілі**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісінің жоспары бойынша |
| | Балалар,аспанда нелер бар?Жұлдыздар , ай, күн.Күн не үшін керек?Күн жылу береді, жарық береді.Ай не үшін керек?Түнде жарық береді.Ғарышкер деп кімді айтамыз?Осы жұлдыздарды, ай мен күнді зерттеу үшін | - Кәне, балалар, тіл ұстарту жаттығуларын жасап алайық:<br>1.– ер, - ер, - ер<br>Біз боламыз ғарышкер.<br>2.- ға, - ға, - ға<br>Біз ұштық Айға.**Көркем әдебиет**<br>Ай аспан денесі болып | <br>Күн тірі жан иелерінің бәріне шуағын шашады Күннің қайда тұратынын, оның неге ұқсайтынын айтады. Алақандарын терезенің қасына апарады. Бірақ ол | -Жер — біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.<br>Ал жоғарыда не бар?<br>Балалардың жауабы: Аспан әлемі.<br>— Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?<br>— Сендерге ұнай ма?<br>Балалардың жауабы: Иә ұнайды.<br>Маған да ұнайды.<br>Олай болса балалар күн, жұлдыз, ай барлығы қайда | Бір, екі, үш<br>Ғарышқа тез ұш.<br>Слайд аспан әлемі.<br>Көзімізді ашайық, мінекей балалар біз аспандамыз, енді ән шырқайық.<br>Ән: «Мен ғарышкер боламын»<br>Балалар қарандаршы жұлдыздар қандай көп, әр түрлі |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғарышқа ғарышкерлерұшады. Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю. Гагарин 1961 жылы 12 сәірде« Восток » ғарыш кемесімен , Жер шарын 1 рет айналып шықты. Содан бері 12 – сәуір Ғарышкерлер күні мерекесі болып есептеліп келеді. **Қоршаған ортамен танысу**<br>*Тәрбиеші:Балалар,ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек?*<br>*Балалар:Зымыран*<br>*Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, «зымыран» қажет.Зымыран ұшатын жерді* | табылады,ай түнде ғана шығады.**Қоршаған ортамен танысу**<br>Айдың түсі қандай?<br>-Түнде аспан қандай түске енеді? Жарайсыңдар балалар,енді түнгі аспанның суретін салайық.<br>**Сөйлеуді дамыту,сурет салу**<br>заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың | жаздағыдай жылытпайды.Әңгімеге араласады. Түн мен күн жарқырап шығып тұрған күндізгі уақыттың суреттерін салыстырады.Күлімдеген күнге жылу мен жарық береді. Ол бізді жылы әрі жарық сәулесімен қуантады, көңіл күйімізді көтереді. Елестетіп көрейікші: егер күн болмаса біз не істер едік?Жер беті қараңғы, салқын болар еді. Тіршілік иесінің бәрі жоғалып кетер еді. Ендеше бізге жарық пен жылу сыйлайтын күннің болғаны қандай тамаша!**Қоршаған** | орналасқан?<br>**Балалар**: Аспан әлемінде.<br>Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты.<br>Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не?<br>Олар неге ұқсайды?<br>Балалардың жауабы:<br>Дұрыс балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай, ұсақ болып көрінеді.<br>Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан.<br>Жарайсыңдар!<br>**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**<br>Кешірімді баламыз,<br>Жұлдыздай болып жанамыз.<br>Кішіпейіл боламыз,<br>Құстай қанат қағамыз!<br>Кешірімді баламыз,<br>Жұлдыздай болып жанамыз.**Көркем** | планеталар бар, білесіңдер ме аспаннан жерге қарағанда жеріміз доп сияқты дөңгелек, біз сол дөңгелек жерде тұрамыз.**Қоршаған ортамен танысу,музыка, сөйлеуді дамыту**<br>түнгі аспан денелерін бейнелеу.**Жапсыру**<br>Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін?<br>Спутниктер, кометалар, астероидтар мен |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«ғарыш айлағы» деп атайды. Ғарыш айлағы біздің Қазақстанда Байқоңыр қаласында орналасқан. Барлық зымырандар осы қалада орналасқан ғарыш айлағынан ұшад ы.* Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма?(балалардың жауабы) **Тәрбиеші**:-Иә шығады, өйткені олар жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетаны | бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету;<br><br>Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан айды жасау. **Мүсіндеу** | **ортамен танысу** Күннің көзіне бетoрамалды жайып, тез кептіруге бола ма? Тексеріп көруге шақырады. «Күн шұғыласы» ойынын ұйымдастырады Айнаны пайдаланып, қабырғаға күн шұғыласын түсіреді. Балаларды шұғыланы ұстауға шақырады.**Зерттеу іс-әрекеті,сөйлеуді дамыту**<br>**Тілді жаттықтыру.**<br>У-у-у-у су<br>Ел –ел- ел – жел<br>Ау-ау-ау-ауа<br>Үн-үн-үн-күн<br>**Көркем әдебиет** | **әдебиет**<br>Құммен жұлдыздың суретін салу.**Сурет салу**<br>балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету<br>**Математика негіздері** | метеориттер (суреттер көрсетіледі). Ал ғарышқа кімдер ұшады? Дұрыс, ғарышкерлер. Ең бірінші болып ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлік ғарышкер екен. Ол кім екен? (Ю. Гагарин) Ал әйел адамдардан В. Терешкова, кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты. Олар: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев.**Сөйлеуді дамыту**<br><br>Тоқтар ұшты ғарышқа<br>Талғат болды ғарышта<br>Таңқалдырып қазағым<br>Тағы ұшса ғой |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зерттеп ашық аспанда жүреді.Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.Мына суретте ғарыштағы адам,ол үстіне арнайы киім скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ,сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады. (суреті көрсетіледі) -Балалар ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар | | | | Марсқа.**Көркем әдебиет** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?(Балалардың жауабы)<br>**Тәрбиеші:** Ғарышкерлерге әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда солай әкелінеді, соны сығып жейді.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Көкке ұшамын,ұшқыш болар баламын,<br>Соңына ерем, ер ғарышкер ағаның.<br>Батыр болам , көк аспанды сүйемін, | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұлдыздарға барып келіп жүремін.**Көркем әдебиет** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Бақылау барысы.<br>Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы?<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның,<br>Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші | Желді бақылау<br>Мақсаты:<br>- жел туралы түсініктерін бекіту;<br>- жел түрлерін есте сақтау.<br><br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді.<br>(жел)<br>Тәрбиеші балаларға | Сутоғанды бақылау<br>Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып | Топырақты бақылау<br>Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру .<br>Бақылау барысы<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе | Бақылау:<br>Балапанды бақылау.<br>Балаларды балапанды қорғауға, оларға аяушылық, қамқорлық сезімдерін ояту.<br>Үлескедегі еңбек: балабақша ауласындағы бұта қалдықтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Ормандағы аю».<br>Мақсаты: |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрақтары.<br>♦ Бұлт дегеніміз не?<br>♦ Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦ Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, | айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. | құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>Еңбек<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. | жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>Зерттеу жұмысы<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>Еңбек<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>Қимылды ойын «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі | Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттау: дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолдану, сөздік қорын дамыту.<br>3. Ақ, ақ Секеңдейді лақ<br>4. Аң, аң Аң патшасы – арыстан.<br>Өзіндік іс – әрекет: Балапанның жүрісін салу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. | Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты.<br>Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады.<br>Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) | Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты:<br>— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.<br>Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.<br>Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.<br>Қара жерге де, қамқорлық керек. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек<br>Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..<br>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс<br>Математикалық жаттығулар.<br>Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Халық болжамы.<br>Ерте көктемде найзағай ойнап, | ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦ Желдің ізін көруге болады ма?<br>Зерттеу жұмысы<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>Еңбек Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. | Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты | | | | |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Ермексаздан зымыран жасау. Мүсіндеу<br><br>геометриялық пішіндерден зымыранның</td><td>Қағаздан айды құрастыру.Құрастыру әрекеті<br>«Жұлдызды аспан әлемі» Ойын шарты: балалардың алдына</td><td>Күннің суретін құрап жабыстыру,қандай гелметриялық пішіндер</td><td><br>жұлдызға қиындыларды жабыстыру,ермексаздан жұлдыз жасау.Жапсыру,</td><td>Балалар сендер ғарышкер болғыларың келеме? Білесіңдер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнесін жабыстыру, пішіндерді ажырату. **Математика негіздері, жапсыру** Конструктордан зымыран құрастыру. **Құрастыру** Зымыранның суретін бояу.**Сурет салу** | аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Шығармашылық жұмыс.Балалар майшам мен субоякты қолдану арқылы ғарыш әлемін салу. **Шығармашылық дағдылар** | кездескенін айту. **Математика негіздері,жапсыру, құрастыру** Дәстүрден тыс әдіс арқылы күннің суретін салу. **Сурет салу** | **мүсіндеу** | орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық. Әуен арқылы жаттығу жасату.**Дене шынықтыру** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. **Шығармашылық дағдылар** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ғарышкерлер туралы сұрау | Жеке сурет салуға үйрету | Жаңылтпаш үйрету | Зымыран жайлы сұрау | Достары жайлы әңгіме |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі әшекей заттарды бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру **(математика негіздері)** **Еркін ойындар** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту | Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. **(қоршаған ортамен танысу)** Қимылды ойын «Сақина жасыру.» | Қимылды ойын «Сақина жасыру.» | Еркін ойындар Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету **Қимылды ойын** «Ханталапай» | Қимылды еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **«Не өзгерді» Мақсаты:** | Табиғи материалдарда | «Ұлттық ойындармен | Бастырма суретті бояу. Дайын | Түрлі (жаяу жүргіншіге, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суретке қарап,анықтай алу дағдысын меңгереді. Тәрелке ішіндег **Шарты:** киімдерді өз түстері бойынша, машинаға салу **(Математика негіздері)** | н үйді сәндеуге арналған заттар жасау. **(Құрастыру)** | ойыншықтар» балалардан дене шынықтыру іс әркетінде қандай ойындар ойнаған сұрау. Ол ойындар несімен ерекше екенін сұрау. Шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету **(Сөйлеуді дамыту)** | боямақтарды өз қалаулары бойынша бояйды. **(Сурет салу)** «Бес асық» ойнау. **(Дене шынықтыру)** | көліктерге)жолдарды құрастырмалы материалдардан салу **(Құрастыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Баланы суықтап қалудан сақтан-дыру» кеңес беру. | Мозайка мен қыс көрінісін құрастыру. | «Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме. | Балалар мен логикалық ойындар ойнау. | «Бала демалысын ұйымдастыру» Еркін ойындар |

Ескертулер:
Ұсыныстар:
Тексерілген күні: 05.04.2024
Тексерілді ш.о.әдіскері:__________Қызырова.А.Т
Тәрбиешілер:Куанышова.А
Сабыржанова.Д

Scanned with CamScanner

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы (балабақша):** «Абай атындағы орта мектебі»КММ «Айналайын» шағын орталығы
**Топ: «Айбөбек»** ересек тобы
**Балалардың жасы:** /4 жастан бастап/

**Сәуір айы 2024 жыл 3 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.04.2024 | Сейсенбі 16.04.2024 | Сәрсенбі 17.04.2024 | Бейсенбі 18.04.2024 | Жұма 19.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достарым әнімен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа** | Табиғат бұрышындағыгүлдерге су құюға көмектесіп бақылау.**Әлеуметтік дағдылар** | Дидактикалық ойын: «Аққала». **Шығармашылық дағдылар** | Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты». **Дене шынықтыру** | Дидактикалық ойын: «Бұл не?». **Сөйлеуді дамыту** | Музыка тыңдау шаттану. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесу. **Шығармашылық** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | | | | | **дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**). | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. | Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. | Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру | «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Дене шынықтыру** Пән | **Музыка** Пән жетекшісінің | **Дене шынықтыру** Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Музыка** Пән жетекшісінің жоспары бойынша | **Дене шынықтыру** Пән жетекшісінің жоспары бойынша |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | жетекшісінің<br>жоспары<br>бойынша | жоспары<br>бойынша | | **Қазақ тілі**<br>Пән жетекшісінің<br>жоспары бойынша | |
